

## **"Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын республикалық меншікке берудің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1202 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының Астана қаласында салынған "Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын (бұдан әрі - ғимарат) жабдықты, жиһазды және мүкәммалды қоса алғанда, оны пайдалануға берген сәттен бастап республикалық меншікке беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген объектілерді республикалық меншікке қабылдау және оларды Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің теңгеріміне беру жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі және Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамымен, "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамымен, "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесіп, ғимаратты республикалық меншікке беру шарттарын белгілесін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен "Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын ұстау және пайдалану жөніндегі шығындарды 2004 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасына енгізуді және "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын ұстау" бюджеттік бағдарламасының бірыңғай әкімшісі ретінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін белгілеуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК